


КЕЛІСІЛДІ
«Арай» балабақшасының
әдіскері
 Тяглая И.А.



БЕКТІЛДІ
«Арай» балабақшасының
меңгерушісі
Самаева М.С.
02.09.2024 ЖЫЛЫ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «SABA – 16» ЖШС
«Арай» балабақшасы
кіші «Балбөбек» тобының 2024– 2025 оқу жылына
арналған музыка пәні бойынша
ұйымдастырылған іс-әрекетінің
музыка жетекшісінің перспективалық жоспары**

**Ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары
2024-2025 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы негізінде**

"SABA – 16" мектепке дейінгі ұйым "Арай" балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйым тобы: кіші топ «Бөлбабек»

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 2024-2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Қыркүйек	<p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Әндердің жеке буындары мен сөздерін айта білуге үйрету.</p> <p>Музыкамен шеңбер бойымен жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p>
Қазан	<p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Жекелеген сөздер мен буындарды айтуды дамыту, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.</p>
Қараша	<p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ересекпен қосылып ән айтуды дамыту.</p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүгіру дағдысын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау</p>
Желтоқсан	<p>Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білуге үйрету.</p> <p>Сөздердің созылықы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын жетілдіру: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.</p>
Қаңтар	<p>Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуді үйрету.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту қабілетіне үйрету.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.</p>
Ақпан	<p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және</p>

	<p>төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру: айналу; денені бұру, басты ию, қолдарды сермеу.</p>
Наурыз	<p>Әр түрлі музыкалық аспаптарда таныс әуендерді тыңдауға, осы әуендерді тануға үйрету.</p> <p>Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу қабілетін дамыту</p> <p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.</p>
Сәуір	<p>Музыкалық пьесаларға қызығушылықты ояту, музыканы есте сақтау, пьеса кейіпкерлерін тану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p>
Мамыр	<p>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, дабыл, маракас), оның ішінде халықтық (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ересектермен бірге әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық фразалардың аяқталуын, ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделу қабілетін дамыту.</p> <p>Музыканың қарқыны мен әннің мазмұнына сәйкес қозғалыс сипатын өзгертуге үйрету.</p>